



Құрметті әріптестер!

ҚР Парламенті Сенаты VIII шақырылған Парламенттің I сессиясы кезінде жұмыс істейтін БАҚ өкілдерін тіркеу басталғаны туралы хабарлайды.

Осыған байланысты Сенаттың баспасөз қызметіне төмендегі құжаттарды жолдауларыңызды сұраймыз:

- Тұрақты тіркелуге арналған өтініш. БАҚ меншік иесі немесе БАҚ редакциясы БАҚ меншік иесінің немесе БАҚ редакциясының толық атауын, БАҚ меншік иесінің немесе БАҚ редакциясының заңды мекен жайын және орналасқан жерін, БАҚ меншік иесінің немесе БАҚ редакциясының телефон, факс нөмірлерін, электрондық мекен жайын көрсете отырып жазбаша түрде тұрақты тіркеуге өтініш береді;

- БАҚ-тың есепке қойылғаны туралы куәліктің көшірмесі;
- тіркелетін БАҚ өкілінің жеке куәлігінің көшірмесі;
- төмендегі деректерді көрсете отырып журналистердің тізімі:

№ р/с	3x4 суреті	ТАӘ	Лауазымы	Туған күні	ЖСН, жеке куәлігінің нөмірі (кім, қашан берді)	Байланысу: журналистің ұтқыр телефоны нөмірі, эл. поштасы
----------	---------------	-----	----------	---------------	---	---

Өтініш ҚР Парламенті Сенатының Баспасөз қызметінің жетекшісі - Баспасөз хатшысы – **Рамазанов Данияр Сүлименұлының** атына беріледі.

Барлық құжаттарды: Senat_Press@parlam.kz электронды мекенжайына жолдау қажет.

Құрметпен,
Баспасөз қызметі жетекшісінің орынбасары
Шолпан Бейсембекова
8 702 263 88 92